...ты абзал ...а айтарым ...алғыс

Қасиетті Зеренді көлінің шығыс беткейінде, қарағай мен қайыңы қоршаған, жаңа, сырты қызыл кірпішпен қаланып, әйнектерінің негізі әсем пластика материалымен әшекейленген, екі қабатты, заманауи «Зеренді аудандық орталықтандырылған емхана» мемлекеттік мекемесінің ғимараты алыстан көз тартады. Ал енген сәтте мұнтаздай тазалығымен, қызметкерлердің жылы жүздерімен еріксіз баурап ...еменің бас дәрігері, білікті жас ма... ...асшылық жасаған аудандық ауру... ...ланысты бірнеше рет көріндім.

...үшін кәсіби емдеумен қатар, ақ ха... ...ана қызметкерлерінің жанашырлық ...іздері де айтарлықтай шипа бола... ...гілі. Осындай қамқорлық пен мейір... ...дарлы, жылы лебізді естігенде жаның ...апқандай күйге түсетінің де өмірдің

...ва ауданымыздағы «Қошқарбай» ...тыр ана» атағым бар, зейнеткер де... ...енсаулығым сыр беріп, әр ауруханаға ...межбүр болдым. Осындай жағдайда ...тағаланың қолдауымен, ақ халатты ...лдарымен, туған-туыскандарымның ...ірге қайта оралып отырдым дей ...ндық, Ақмола облыстық емханасында ...ған-тамыр, құлақ-мұрын, көз ауру... ...арнайы есебіндемін. Өз басым ...ір басымда пайда болуы Семей ...ғында дүние есігін ашқанымнан ...ма түскен жайды бір жағынан Алла... ...атқан күнімді желеп, жебеуші күштің ...ілік етіп отырамын.

...нда басқа, лауазымы жоғары қыз... Қалымтайұлы басқарған Зеренді ...рігерлерді, медбикелерді,басқа да ...з тазалықшы-санитарларды, күзет ...мақтауға да лайықты жандар деп ...екемеге келіп-кетіп жүргенде бас ...ның, басқа да жауапты қызметтер ...уапкершіліктен атқаратындарының, ...ында қарап, толық жауаптар беріп, ... жасап отыратындарының бірне...

...кті мамандарының бірі, мөлдір көзді, ...кенге құрмет, кішіге ізет көрсете ...қатынасқа қарапайым жан, алдына ... жүрген онколог дәрігер Үмітжан ...гте), терапевт дәрігер, бас дәрігердің ...зы Сахова, окулист Махаббат Нұрға... ...иевт дәрігерлер-Бақнұр Сәтбекқызы ...ккызы Дәулетова, кезінде осында ...ыстанбек, хирург Серік Ермекұлы ...т Ақмарал Кенжебайқызы Жанаева, ...Асима, медбикелік күтім қызметінің ...на, психиатор дәрігер Букен Би... ...оревна Панферова жайлы айтпау, ...ім.

...ған аудандық емхананың ұжы... ...лықты аналарының атынан та... ...енсаулық, отбастарына табыс, елі... ...ймін.

... пендеміз ғой десек те, кейде бір... ...айлар да кездеседі екен. Өз ба... ...ежеге жатқызылған онкологиялық ... жыл болды. Дегенмен Аллаға ...бұлжытпай орындаудың, туысқан... ...де жүріп жатырмын. Ауруымды, ...нымда басқа жандар тарапынан ...н. Бірқатары жанашырлық та... ...сескене қарайды. Осы жағдай... ... мемлекет тарапынан жыл сай... ...ды. Жыл сайын емхананың жол... ...орналасқан Ұлы Отан соғысы... ...госпитальда 10 күндік сауықты... ...екеттік органдарға алғысымды ...у орындарына баратын кезде ...р туындап жатады.

...естерімді еліміздің 30 жылдық ...аңызға, оның ішінде ақ халатты ...қ тілеп, алдағы кезеңде Семей ...шеккендерге әлеуметтік көмек ...жет деген ойдамын.

...гүл САЙЛЫБАЕВА, зейнеткер, Қошқарбай ауылы.

Жақсының аты өлмек емес

(Мәди Хасенов жайлы бір үзік сыр)

Шіркін, жылыстап, жақсымызды бізден алыстатып, көзден әкеткенмен көңілден әкете алмайтыны белгілі ғой.

Адамгершілік пен азаматтыққа тән нәбір асыл қасиеттер бойына мол дарыған келісті де келбет бітіміне мінез байлығы сай Мәди Хасенұлының бейнесі көз алдыма келе қалатыны бар. Былай айтуымда да себептер баршылық. Мәдидің өмір белестерін жақсы білетіндердің бірімін десем қателеспеспін. Себебі, Мәдидің шешесі Тұржан менің әкем Баймырзаның туған апасы. Жанайдар мен Мәди бір жылғы төл құрдастар. Тағы да бір таңқалатыным нағашы-жиенді екеуінің мінезі, келбеттері, орнықтылығы, байсалдылығы, аздап пәндылықтары, адамгершілік қасиеттері, тіпті отырыс, жүріс-тұрыстарына дейін бір-біріне ұқсас еді.Таңдаған мамандықтары да бір болар. Екеуі де еліз қозыдай елі таныған жазушы-журналист атанды.

«Жазмыштан озмыш жоқ» дегендей екеуінің де өмірі қысқа болды. Жанайдарды соңғы сапарға аттандырып, сапарында болып, көзіне жас алып, толқып тұрып сөз сөйлеп еді. Сол кезде бір жылдан кейін өзінің де бұл дүниеден бақиға аттанып кететінін кім білген. Тағдыр деген сол, кімді мұратына жеткізген.

Әттең дүние-ай, жалғансың ғой.... Сейте тұра «тәубә-тәубә» дейсің. Неге, бұл фәниге кімдер келіп, кімдер кетпейді. Соның бәрі артына өлмейтұғын сөз қалдырып жатыр ма? Біреулер көп жасайды, бірақ кейінгі ұрпаққа қалдырар үлгі-өнеге, сөзі жоқ. Біреулер аз жасайды, бірақ Абай атамыз айтқандай «Өлді деуге бола ма, айтындаршы, артына өлмейтұғын сөз қалдырған» демекші Мәди де оқырмандарымен мәңгілік бірге. «Сіздің, халықтың ойынан шығуға бар күш-жігерімізді саламыз» деген еді. Өмірінің аяғына дейін ол уәдесін де орындап кетті.... жаны кіршіксіз таза еді.

Мәди журналистік қызметін негізінен Ақмолада шығатын «Коммунизм нұры» облыстық газетте өткізді. Ақмолалық жазушы, журналист Мәди Хасенов бірнеше көркем шығармалардың авторы ретінде және Солтүстік Қазақстан аймағындағы дарынды прозаиктердің бірі ретінде республикамыздың оқырман жұртшылығына жақсы таныс. Оның қыл қаламынан «Алғашқы ән» (әңгімелер), «Тұлпардың дүбірі» (повесть), «Нартәуекел» (роман), «Қайсар» (повесть), «Тың тарландары» (очерктер), «Тайталас»(роман) т.б.кесекті шығармалар жарық көрді. Аталған шығармалармен оқырман қауым таныс болуға тиіс. Еңбегі де бағасыз қалған жоқ. Республикалық, Одақтың дәрежесінде медальдармен, грамоталармен марапатталды. 1979 жылы партиялық баспасөзге, мәдени өмірге сіңірген еңбегі жоғары бағаланып, Мәдиге «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» деген құрметті атақ берілді. СССР Жазушылар және Журналистер одағына мүше болды. Бір басына атақ-данқы жетіп жатты.

1992 жылы қыркүйек айында Ақмоладан жаманат хабар да келіп жетті. Мәди мәңгілікке көз жұмыпты. Есеңгіреп қалдық, амал не, тағдыр солай болған соң, көнесің де, қайда барасың. Улап-шулап, жылап-сықтап, туған-туыстары, жора-жолдастары Ақмолаға аттандық. Бұл жерден аттанарда Мәдидің туған ағасы Сағди үлкендермен, туыстарымен ақылдасып, Мәдиді туған ауылға әкеліп жерлемекші болып келісті. Кейбіреуіміз бара көрейік деген пікір айттық.

Мәдидің артында қалған жар жолдасы Ақылима, балалары Алмас, Айнаш, Қайсар және әріптестері, қаламдас жолдастары, Мәдиді құрмет тұтатын Ақмоланың белгілі азаматтары біздің Мәдидің мұрдесін алып кетуімізге үзілді-кесілді қарсы болды. Бұған көптеген себептер де бар еді. Мәди негізінен Көкшелік болса да, екінші елі Ақмола болды. Сонда отбасын құрды, дүниеге балалар келді. Олардың туған елі сол жер болды. Кімге болса да кіндік қаны тамған жер ыстық қой және сол жерге қонылған болса, сағынғанда басына барып, гүл шоғын қойып, еске алып, аруағына бас иіп, тағзым етуге де жақсы ғой. Туту Қошқарбайға қалай келе бермек... Сағди келісімін бермей қанша тулағанмен, буынсыз жерге пышақ ұруға болмайтынын, аруақ қайда болса да туыстарын табатынын айтып, Сағдиды да көндірдік-ау әйтеуір.

Мәди үйіне жиналған Ақмолалық азаматтардың, әріптестерінің мәдидің атына айтылған жақсы лебіздерін естіп, төбеміз көкке жеткендей болды. Жақсы жүрген жеріне нұр себеді деген сол да. Соңғы сапарға шығарып салуға жиналған халықта есеп болмады, көз сүрінді. Осының өзінен-ақ Мәдидің қадыр-қасиетінің, ел ішіндегі беделінің, қаламдас жора-жолдастарының тамаша құрмет тұтатынының куәсі болдық.

«Азамат бірініщіден жер сағынар, жерден соң туып өскен ел сағынар» деп Кенен атамыз айтқандай Мәди де шет жайлап жүрсе де туған елі Қошқарбайға ат ізін салып тұратын еді. Алыстан ат арылтып сағынып келген інісі мен келініне, балаларына ағасы Сағди мен жеңгесі Қазима, інісі Қайыркен, жолдасы Мүслимамен бәрі мәз-мейрам болып қарсы алып, малын сойып, ағайын туыстарды жиып, бастарын қосып кішігірім той жасайтын, талай рет бірге болдық. Мәди естіген білгендерін айтып бір жасап қалатынбыз. Сол келіп кетіп жүргенде, қазақ ауылдастарының берекесі кетіп тоз-тоз болып, ыдырап жатқанын көзбен көріп күйзелетін. Нағашыларына талай рет барып, көк шалғынына аунап, бал бұлағынан су ішіп мейірі қанған табиғаты тамаша Қараөткел аулының таптаурынды жұрты ғана қалғанын, өз елі Қошқарбай аулында да, бір кездегі ауылдың әйгілі іргелі ел болған, Ленин атындағы орта мектеп болған, қазірде оның бірі жоқ, 15 шақты ғана үй қалғанын көзбен көріп налитын. Бәріміздің де ауыл десе өт-жүрегіміз өлжіреп қалатыны рас қой... Әркімге де кіндік кесіп кір жуған жері қымбат. Әркім туған жерінің жанашыры деп білемін. Ал сол ел, жер алдындағы перзенттік борышын Мәди толығымен өтеп кетті дер едім. Ауылының келешегін ойлап, ел проблемасын баспасөз бетінде көтеріп, облыс басшыларына қайта-қайта барып, ақыры Қошқарбай ауылын қалыптастыруға мүмкіншілік тудырды. Үйлер салына бастады, қаржы бөлінді. Соңынан Зеренді совхозынан бөлініп, жеке шаруашылық құрды. Шаруашылық тізгінін Мәдидің туған ағасы Сағдидың баласы жоғары білімді, жігерлі жас Қайыркен қолына алды.

Мәди алғашқы қызметтік қадамын ұстаздықтан бастады. Үлгілі бастауыш мектебінде бір жыл мұғалім болып істеді. Содан кейін 1955 жылы Алматы қаласындағы С. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түсті. Кейіннен оқуын бітіріп, журналистік қызметін бастады.

Орыстың ұлы ақыны Есенин айтады: «Мені өсірген құрбақаның құрылы» деп. Олай болса ендігі ақын-жазушыларымыз да, білімдарымыз да сол шегірткенің шырылы, құрбақаның құрылын естіп өскен ауыл баласынан шығады. Ауыл-біздің әлі де болса құтымыз, темірқазығымыз. «Ауыл баласы үмітіміз, ертеңгі атқа мінер азаматымыз»,-деп аты әйгілі жазушы Шерхан Мұртаза аға айтқандай ел басқарушылары қазақ ауылдарының тағдырларын терең ойлануы керек. Қазіргі аумалы-төкпелі қиын заманда ауыл өмірінің келешегі не болар екен деген ойлардың көрініс беруі тектен тек емес....Ойымызға тиек болып отырған асыл азамат Мәдидің де ауылдан шыққанын естен шығармаған жөн.

Мәди өзінің ісімен, білімдарлығымен, азаматтығымен ел алдындағы, халық алдындағы борышын ақтап кеткені әмбеге аян.

....Біреуге ерте, біреуге кеш келетін өмірдің қатал заңына шара жоқ. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дегендей, артта қалғандардың парызы бұл фәниден өткен, артына өлместей із қалдырған ел асылдарына ретті жерінде тиісті құрметін көрсетіп, бағасын беру деп білемін.

Соңында айтар өз пікірім, бұл Мәдидің жерлестерінің де түпкілікті шешімі деп білемін, өзінің кіндік қаны тамған туған жері, құлын тайдай бал балалық шағын өткізген Қошқарбай ауылындағы мектепке Мәдидің атын берсе. Аудандық әкімшілік осы тілегімізді құп алады деп сенеміз. Бұл-жерлестерінің Мәдидің аруағына деген құрметі болар еді. Сөзіміз, ойымыз жерде қалмас....

Нағашысы Шахма Баймырзаұлы ағамыздың осы сөзі жерде қалмаса керек. Зеренді ауданы мемлекеттік архивінде сақталған аудандық мәслихаттың 1998 жылғы құжаттарында «Ленин атындағы Қошқарбай ауылдық мектебіне» жазушы Мәди Хасеновтың атын беру" туралы шешімі бар.

Шынар БЕКЕНОВА,
Зеренді ауданы мемлекеттік архивінің архив қоймасының меңгерушісі.
(деректер Ш. Баймырзаұлының жеке тектік қорындағы қолжазбаларынан алынды 264-қор, 1-тізімдеме, 25-іс).

_ЗЕРЕНДИНСКИЙ _РАЙОННЫЙ _МАСЛИХАТ _РЕСПУБЛИКИ _КАЗАХСТАН_ _
(Четырнадцатая сессия-Первого созыва)

Р Е Ш Е Н И Е

от 16 января 1998 года №14-12I с.Зеренда

О присвоении Ленинской начальной школе имени писателя Мади Хасенова

В соответствии с Законом Республики Казахстан"Об административном устройстве Республики Казахстан",на основании предложений жителей села и трудового коллектива Ленинской начальной школы аула Кошкарбай,районный Маслихат РЕШИЛ:

1.Присвоить Ленинской начальной школе аула Кошкарбай имя писателя Мади Хасенова.

2.Предложить акиму района внести соответствующие представления в соответствующие органы.

Председатель сессии,секретарь районного Маслихата: К.ХАСЕНОВ